

Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

АҚТӨҒАЙ АЖАРҮ

Ақтөғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№42 (7879)

Жұма

21 қазан

2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Халықтық коалиция форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлтты ұйыстыратын 7 қағиданы атады. Бірінші кезекте Тәуелсіздік айтылса, одан соң жеріміздің тұтастығына елдіктің негізі осы

«Төл тарихымыз, ана тіліміз бен ата дініміз – елді біріктіретін бірегей құндылықтар. Оны дау-дамайға айналдыруға болмайды. Жұртты адастырып, теріс жолға салудан сақтанған жөн. Қазақстанда түрлі этнос өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың мақсаты – бір, болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Бәріміз – бір елдің азаматтарымыз. «Әралуандық арқылы – бірлікке» қағидаты ешқашан өзектілігін жоғалтпайды», – деді Президент.

Этносаралық татулықты сақтай білуіміз керектігін алға тартқан Ел басшысы «Қазақстан азаматы» деген ұғым жал-

Болашаққа деген көзқарасымыз – ортақ

деп баса назар аударылды.

Осы 7 қағидаттың ішінде маңыздыларына пікір айтатын болсақ, заңдылық пен тәртіп мәселесі орынды көтерілді. Заң алдында – бәрі тең. Президент айтпақшы, біз заң талаптарын барлық салада мүлтіксіз орындауымыз керек. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» демекші, сонда ғана тәртібі қатаң сақталатын Әділетті мемлекет құра аламыз.

Рухани үндестік мәселесі де сөз болды. Себебі, бұған дейін де елімізде рухани мәселелерді көтерген бағдарламалар болғаны рас. Бірақ, олардың дені халықтың рухын көтеретін деңгейге жете алды деп айта алмаймыз. Шынында, атағы жер жарғанымен, нәтижесі көрінбеді.

пыұлттық бірегейліктің өзегі болуы қажеттігін тілге тиек етті.

Шынында, рухани үндестік болатын болса, оның тілі, жалпы ұлттық құндылықтары ашық түрде насихатталуы керек. Кез келген мемлекеттің тілі, мәдени құндылықтары басым болады. Ол басқа ұлттар тарапынан ешқандай қарсылық, қарама-қайшылық тудырмауы керек. Бірқатар елдердің саяси жүйесінде өздерінің ұлттық идеологиясын, тілін, құндылықтарын насихаттауда басқа ұлт оны тыңдауға, құрметтеуге мәжбүр. Осы орайда батыл саясат керек екенін айтқым келеді.

Е. Мұңайтпасов,

Ақтас ауылының тұрғыны.

Құрметті әсерлер, қадірменді қонақтар!

1990 жылы 25 қазанда Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылданды. Еліміз егемендігін жариялап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде саяси-құқықтық негіздерін жариялады. Онда тұңғыш рет аумақтардың тұтастығы, бөлінбейтіндігі және татулығы, Қазақстан халықтары мен олардың тілдерінің мәдениетін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттіліктің қағидалары бекітілді. Бұл – тарихи және өте маңызды шешім. Еліміздің тәуелсіздігі, шынымен де, осы күннен басталады. Сондықтан, бұл күнді бекіту мемлекеттік тұрғысынан маңызды қадам болып табылды.

25-қазанда Қазақстан халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, бүгінгі Қазақстан патриоттығын айқындайтын факторлар әлемге әлі де танылуда. Республика күні – еліміздің таптырмас атрибуты болып табылатын ұлттық мереке.

Байтақ ел күн сәулетті Қазақстан бүгінде өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының бірлігімен танымал. Бүгінгі Қазақстан – өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Ең бастысы, қазақ халқымен бірге өртүрлі этностардың да Отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, өртүрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді.

Сондықтан, бұл күн жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз – Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін бүгінгідей мереке күні алға қарай тағы да берік сеніммен қарап, болашақтың тыныш өмірінің негізін қалау үшін қазір де бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек.

Құрметті аудан тұрғындары! Сіздерді дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтегің, шаңырағын биіктетіп байытатың, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратың, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет.

Ендіше, ерқашан да ерқайсымыздың кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың Республика күні құтты болсын, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін!

Баршаның бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілейміз.

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов

Сүйінші, ағайын!

Жерлесіміз – жеңімпаз



Жуырда еліміздің байрағы көкке желбіреп, спортшыларымыз жеңіс тұғырына көтерілді. Спорт сүйер қауымның әмбесіне аян 30 қыркүйек пен 9 қазан аралығында Италияның Лидо-ди-Езоло қаласында кикбоксингтен әлем чемпионаты өтті. Чемпионатқа әлемнің 63 елінен 735 спортшы қатысты. Дүбірлі додада еліміздің жасөспірімдер мен жастар құрамасы 9 алтын, 19 күміс және 23 қола медаль иеленді. Олардың ішінде жасөспірімдер құрамасы 4 алтын, 4 күміс және 10 қолаға қол жеткізсе, жастар құрамасы 5 алтын, 15 күміс, 13 қоланы жеңіп алды. Спортшылар фулл-контакт, лоу-кик және К-1 секілді үш бөлім бойынша бақ сынады.

Шарайнаның түкпір-түкпірінен

келген кіл мықтылар сайысқа түскен байрақты бәсекеде жерлесіміз, ауданымызға қарасты Шашубай кентінің тұрғыны Гаухар Сайлаубек өнер көрсетіп, жеңімпаз атанып, тағы бір алтын медальді қанжығалап қайтты.

Гаухар спорттың бұл түрімен 6-сыныпқа қадам басқан жылдан бері шұғылданып келеді. Шашубай кентіндегі мектептің дене шынықтыру пәнінен беретін Дәулет Шәкірбеков пен Ербол Смағұлов баланың бойындағы спортқа деген ерекше қабілетті танып, Гаухарға спортпен тұрақты түрде айналысуға кеңес береді. Жас жеңімпаз ойлана келе, сарапқа салып, таңдауы кикбоксингке түседі. Спортқа жасқана қадам басқан шәкірттің алғашқы бапкері – Ақтөғай аудандық

балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің Шашубай кентіндегі филиалының жаттықтырушысы Абай Қомар. Гаухар 2018 жылы Қазақстан Республикасының жасөспірімдер арасындағы чемпионы, 2019 жылы Қазақстан Республикасының жасөспірімдер арасындағы «Nomad MMA» бағытындағы чемпионаттың жеңімпазы. Сондай-ақ, аудандық «Ақтөғай ауданының жас дарыны» аталымының иегері. Биыл еліміздегі кадеттер арасында өткен чемпионатта тағы да I орынды қоржынына қондырып қайтқан болатын. Күні кеше талай сайыста қарсылас шақ келтірмеген жерлесіміз өзінің шын дүлдүл екенін тек қазаққа ғана емес, күллі дүниеге дәлелдеді.

Өз тілшімізден.

Салауатты өмір салты

Қазан айының үшінші жексенбісі еліміздің кәсіби мерекелерінің бірі – Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күні. Бүгінде бүкіл жаһан жұртын алаңдатып отырған экология мәселесінің оңалуына орман шаруашылығының маңызы, соның ішінде жасыл желекті қорғап жүрген орманшылардың еңбегі орасан зор. «Орманы бардың – қорғаны бар» демекші, облыстың орман шаруашылықтары күнделікті жұмыс барысында табиғатты қорғау, қорды күзету жұмыстарымен қатар оны молайтып, өсірумен айналысады. Аталмыш мереке жыл сайын ел көлемінде жоғары дәрежеде аталып өтеді. Осынау айтулы датаға сәйкес, 14 қазан күні

өтіп, бүгінде аудандық деңгейде біздің өңірде жалғасын тауып жатыр. «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтоғай және Шет аудандары көлеміндегі ормандарды және жануарлар әлемін қорғайды. Жалпы ауданы – 74178 гектар. Бүгінде «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» мекемесінің қызметкерлері аудан көлемінде ел мен жер игілігі үшін өте көп ауқымды жұмыстар атқаруда. Сіздерге әрдайым еңбекте толағай табыс, отбасыларыңызға береке мен ынтымақ тілеймін, – деді А.Базылұлы. Сондай-ақ, сөз кезегі Қарағанды облы-

Орманшылар бақ сынасты

ауданымызда облыстық спартакиаданың жалауы желбіреді.

Спорттық шараның негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау, орманшылар мерекесін атап өту болып табылады. Сайысқа аймағымызға қарасты

сының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Н.Серіковке берілді. Құттықтау сөз кезегі төмамдалғаннан кейін ауданымыздың алдыңғы қатарлы әншісі Р.Агисинов «Қазақстан» әнімен мерекелік мезірет билдірді.



Жалпы, сайдың серке тасындай іріктелген сайысқа қатысушылар «Волейбол», «Шағын футбол», «Үстел теннисі», «Арқан тартыс» және «Армреслинг», «Аударыспақ» секілді спорт түрлерінен бақ сынасты. Облысымыздың түкпір-түкпірінен ат арығып келген орманшылар қауымының арасындағы дүбірлі

Қарқаралы ауданы «Қу-Орманшылар», Қарағанды қаласының инспекторлар, Қарағанды қаласының орманшылар және Ақтоғай ауданының орманшылар командалары қатысты.



Спартакиаданың ашылу салтанаты аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде өтті. Салтанатты шараның шымылдығы еліміздің Әнұранымен түрілді. Бірінші кезекте құттықтау сөз аудан әкімінің өлеуметтік сала жөніндегі орынбасары А.Аманжоловқа берілді.

–Сіздерді бүгінгі Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткізіліп жатқан шараға қатысушы барлық командаға сәттілік тілеймін.

Ұлттың денсаулығы – қоғамның дамуы мен гүлденуінің негізгі кепілі. Президентіміз салауатты өмір салтын күнделікті дағдыға айналдыруды мемлекеттік деңгейдегі мәселе ретінде көтеріп отыр. Осыған орай, спорт саласын дамыту жөнінде біздің ауданымызда көптеген игілікті істер жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі өткізіліп жатқан үлкен спартакиаданы соның айқын белгісі ретінде атауға болады. Аталмыш іс-шара 2019 жылы облыстық дәрежеде

дода екі күнге ұласты. Барлық жарыстың нәтижесін қорытындылай келе, жалпы командалық есеп бойынша Ақтоғай ауданының орманшылар командасы жүлделі I орынды қанжығалады. Ал, Қарағанды қаласының инспекторлар командасы II орынға табан тіресе, Қарқаралы ауданы «Қу-Орманшылар» командасы III орынды қанағат тұтты. Спартакиадада өнер көрсеткен барлық қатысушыға арнайы Алғыс хаттар мен сый-сияпаттар тарту етілді. Сондай-ақ, спорттық-патриоттық шараның соңында талай жылдан бері осы салада табан аудармай қызмет етіп келе жатқан орманшыларға ынталандыру мақсатында ертүрлі дәрежедегі наградалар табысталды. Бүгін бір облыстың орманшылар қауымының басын бір арнада тоғыстырған мұндай шаралар тек мұнымен тоқтап қалмақ емес, бұйырса, алдағы уақытта да жалғасын та-ба бермек. **Е.Мұстафин.**

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының хабарламасы

2022 жылғы 16 қазанда Ақтоғай ауданы Жидебай ауылдық округі бойынша Жидебай ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Ақтоғай ауданының Жидебай ауылдық округі әкімінің сайлау нәтижесі туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындысын белгіледі:

Ақтоғай ауданы Жидебай ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Кәрібаев М.Т. – 14 (3,9%); Медеубек Н.Ө. – 13 (2,0%); Ултыкеев Д.С. – 574 (94,1%).

Жидебай ауылдық округі әкімі болып Ултыкеев Думан Сакенович сайланды.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2022 жылғы 17 қазандағы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Жидебай ауылдық округіне сайланған әкімді тіркеу туралы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының ШЕШІМІ

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Жидебай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 қазанда өткен сайлауы қорытындылары туралы сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 1988 жылы туған Ултыкеев Думан Сакенович, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы Жидебай ауылдық округінің әкімі болып тіркелсін.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

А.Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл

Ахмет Байтұрсынұлы жайлы 20 дерек

(Соңы. Басы газеттің №41 санында).

13. Байтұрсынұлымен туыс қарым-қатынаста болғандықтан, Ахметтің асыранды қызы өке-шешесімен шамамен 4 жыл (1929-1933) жер аударылды, ал кейіннен балалар үйіне түсті.

14. Ахмет Байтұрсынұлының тек қана асыранды балалары болғаны бөрімізге белгілі. Ресми дереккөздерде үш есім ғана сақталып қалған, олар – Аумат, Қазихан және Шолпан. Үшеуі де ағартушының үйінде төрбиеленген іні-қарындастары. Бірақ, оның тағы да бір түп-тегі Ахмет Байтұрсынұлының уақытында және де оның өлімінен кейін көптеген жылдар бойы жасырынған асыранды баласы болған – Самырат Көкішев. Мұндай құпиялылығын оңай түсіндіруге болады: Самырат Байтұрсынұлының паньрақ иесі болғандықтан, оның өмірін сақтау бүкіл әулеттің басты мақсаты болған. Бір жолы, Байтұрсынұлының тұтқандағаннан кейін Самырат тұрған ауылға әскер келген. Олар ұрпақ жалғастырушы ұл балаларды іздеген екен. Сол кезде бір өйел Самыратты үлкен қазанмен жауып, баланың өмірін аман сақтап қалды.

15. Ахмет Байтұрсынұлының замандасы Нұрзипа Амированың сөзіне сенсек, 1937 жылы Бадрисафа Қостанайда болған. Содан соң Бадрисафаны Қостанайда екінші рет Ұлы Отан соғысы уақытында көрген адамдар бар. Сол уақытта Бадрисафа өз жасынан артық өмір сүріп қойғандығы, өзінің сұлулығынан еш нәрсе қалмағанын және де денсаулығына зиян келгенін Нұрзипа Амирова баяндаған.

16. Қостанай өлкетанушылары Байтұрсынұлының жесірімен ары қарай не болғанын нақты білмейді, алайда олардың басты екі нұсқасы бар. Біріншісі – Бадрисафа Қостанай ауданының Александровка ауылында емделіп, сол жақта қалғаны туралы мәлімдейді, ал екіншісі, ақсақал Есімхан Тұрлыбеков айтқанындай, 1947 жылы шамамен қараша айында Мендіқара ауданының Қасқат ауылында тұрғанын мәлімдейді. Көрсетілген жылы сол ауылда Александра атты орыс өйел пайда болғанын

және де оны жетектеген біздің жерлесіміз Ахмет Байтұрсынұлын жеке танытын Қасым Тоғызбақов болғанын мәлімдейді.

17. Ел арасында, республика, тіпті түркі тілдес мемлекеттер арасында беделі зор болған Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлы тұлғаға советтік билік кешірім жасады. Үлкен басшылық қызметке тағайындалды, ол Қазақ АССР Білім комиссариатының төрағасы қызметін атқарды.

18. 1929 жылы маусым айында КСРО ІХК Ахметтің саяси қызметін алдына келтіріп Қызылорданың түрмесіне Міржақып Дулатовпен бірге қамады. Кейіннен ол Архангельск облысына жіберілсе, оның өйелі Бадрисафа ханым мен қызы Шолпан Том облысына жіберілген. Уақыт өте келе, шешесі мен қызының жолын бөліп жіберген: Шолпанды Том қаласында қалдырса, шешесі Батыс Сібірдегі Жуково ауылында ағаш құлатуға жіберілген.

19. 1934 жылы Халықаралық Қызыл крест өтініш хаты нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы Алматыға оралуға жанұясымен қосылуға мүмкіндік алады. Напар денсаулық, саяси сенімсіз болғандықтан, жұмысқа орналасуға мүмкіндігі азайды, мұндай ауыр мұқтаждық Ахметтің соңғы жылдарын қапаландырды. Орталық мұражайдың бақылаушысы, билет тексерушісі, туберкулез диспансерінің санитары болып жұмыс істеп, елге танымды, ел құрмет тұтатын, бірақ билікті қорқытатын адам болғандықтан, ол қайта-қайта жұмыс орындарынан қуылатын.

20. Кезекті азғырудан кейін 1937 жылы 8 қазанда жаңадан тұтқынға алынды да, бірнеше айға созылған тергеуден соң, 1938 жылы ақпан айында атылды. Қамауда тергеушілердің сұрақтарына былай жауап берген: «Менің арманым – мүмкіншілігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Ол ізгі іс енді ғана басын алып тұрғандықтан, мен басымды тек қана менің тілегімді қанағаттандыратын билікке иемін».

Мақала ғаламтордан алынды.



Жарқыран жанған күндей азаттығы, Көрінер ұлтымның да заңсаттығы!

Маңызды құжатқа қол қойған күн

Биыл 13 жылдан соң 25-қазан Республика күні ретінде қайта бекітіліп, Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі берілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 29 қыркүйек күні тиісті заңға қол қойды. Бұл дата тарихи бағасын әлдеқашан алып қойған. Тек бүгінгі қоғамнан өз орнын таппап еді. Алайда, осы жылдан бастап қайта тулеп, жаңғырып, ұлтымның ұлықтайтын мерекеге айналғаны көңіл қуантады. Республика күнінің мемлекеттік деңгейде, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа ортақ мереке ретінде тойлануы – халқымыздың бойына қуат, жүзіне қуаныш сыйлаған оң шешім. Егеменді ел болуымыздың алғашқы құжаты осы күні қабылданғаны баршаға аян. Ол – құр сөз емес, нақты факт. Дәл осы күні 25-қазанда қазақ елі декларация жариялап, мемлекеттің тәуелсіздігін айқындады. Бұл – қазақ тәуелсіз мемлекет ретінде танылған алғашқы оқиға. Сол себепті тарихи деңгейде тойланғаны өте маңызды. Әуелі, қоғамның патриоттық сезімін арттыруға сеп болары анық. Әсіресе, елімізге қарата айтылып жатқан негізсіз пікірлер бар кезде осы датаның зор құрметпен аталып өтуі айрықша

маңызға ие деп санаймын. Рухани құндылығымызды, қазақы қайсар рухымызды, бай тарихымызды, бабадан қалған даланың мұрагері ретінде алты Алашты әлемге таныту арқылы осы тарихи датаның біз үшін қасиеттілігін аша білуіміз, көрсете алуымыз қажет. Сол себепті бұл күннің қажеттілігі мемлекетіміз үшін зор деп санаймын.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздігіміздің кірпішін қалап берген бұл күнді мереке етіп өткізу қазақ халқының қуанышы деп білемін. Баршаңызды республикамыздың әр азаматы үшін айтулы – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

Еліміздің жасынды жастары бастарын бейгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қырышын ерліктері бүгінгі тәуелсіз еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуға. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Г.Нұрмағанбетова,
аграрлық-техникалық колледжі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары.

Еркіндікке бастаған егемендік

Биыл Қазақстан 13 жылдан кейін алғаш рет Республика күнін тойлайды. Бұл күн мереке қатарынан алынып тасталғанымен, биыл президент Қасым-Жомарт Тоқаев оны қайтадан атаулы күндердің бірі етіп бекітті. Мереке тарихы алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидаттары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Ал, 2009 жылы аталған заңға өзгерістер енгізілді. Сөйтіп, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, ұлттық мереке болып жария етілді. Ал, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды және бұл әдеттегі жұмыс күніне айналды. Үстіміздегі жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының Парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға түзетулер енгізді. Құжатқа сөйкес, Республика күні, яғни, 25 қазан – ұлттық мерекеге, ал Тәуелсіздік күні, яғни, 16 желтоқсан мемлекеттік мерекеге айналды. Бұл – тарихи және өте маңызды шешім. Еліміздің тәуелсіздігі, шынымен де, осы күннен басталады. Сондықтан, бұл күнді мемлекеттік мереке ретінде бекіту мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам болып табылады.

Ж.Қауанова,
Нұркен ауылдық округінің пошта байланыс меңгерушісі.

Ұлттық мереке

25 қазан – Республика күнімен барша қазақ халқын құттықтаймын!

2009 жылдан бері Республика күні ұлттық мерекелер тізімінен алынып тасталды және әдеттегі жұмыс күніне айналған болатын. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды жөн көріп, Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы заңға түзетулер енгізді. Бұл күн – айтулы күн, себебі, бұл күні алғаш рет Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияға қол қойылған және еліміздің тәуелсіздігінің тарихи қадамы. Барша қазақстандықтарды, Ақтоғай ауданының халқын Республика күнімен құттықтаймыз! Осы салтанатты мерекеде елімізге амандық, отбасыларыңызға береке, бақыт, байлық теліп отырып, Қазақстаннымыздың дамуындағы еңбектеріңіз табысты, бастамаларыңыз сәтті болсын. Сіздерге зор денсаулық, толағай табыстар мен жетістіктер тілеймін.

С.Жумашкина,
Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық сотының төрағасының м.а.

Жастарымыз жарады

Қазіргі таңда жасөспірім буынды салауатты өмір салтына баулып, спортпен тұрақты түрде шұғылдануға үндеу өте қажет. Күндіз-түні қалтафоннан бас алмайтын жас өскіннің физикалық белсенділігі төмен болғаннан кейін тиісінше өлжуаз болатыны екі бастан белгілі. Сол себепті де Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев әр сөзінде спорттың бұқаралығын арттыру қажет екенін үнемі еске салып отырады. Бұл тұрғыда еліміздің көп өңірінде спортпен шұғылдануға арналған жаттығу құралдары ашық алаңқайларда орнатылып, тұрғындарға тиісті жағдай жасалған. Оған аудан орталығындағы «Алаш» алаңында орналасқан спорт алаңы айқын дәлел.

Сонымен қатар, жастардың бойындағы ұлттық рух пен патриоттық сезімін шыңдау бағытында және спорттың бұқаралығын насихаттау мақсатында әр алуан әскери-спорттық шаралар жиі өткізіліп тұрады. Бұл қазіргі уақытта өткір тұрған түйткіл –

жас буынның әскери борышын өтеуден жалғартуға деген кереғар көзқарасына оң ықпалын тигізетін ілкімді істің бірі.

Қазан айының 14-інші жұлдызында құрып қала Теміртауда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында «Отан қорғаушы-2022» әскери-спорттық сайысы өтті. «Теміртау кәсіптік-техникалық колледжінде» жалауы желбіреген жарысқа бас-аяғы 17 команда қатысты. Әрбір командада 4 баладан түзілді.

Күн арқан бойы көтерілген шақта бастау алған дода екінті өлетіне дейін ұласты. Өзара бақ сынасқан командалар жүгіруден, түрлі кедергілер жолағын еңсеру, граната лақтыру және де өзге де сынақтардан өтті. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастардан құралған командалар арасындағы дода тартысты өтті. Ауданымыздың намысын арқалап барған «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінің» оқушылары аймағымыздың өр өңірінен келген кіл мықтылардың



арасынан суырылып шығып, жүлделі ІІІ орынға ие болды. Жеңімпаздар кубоктармен, ақпалай сертификаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Е.Темірхан.

Ілкімді істер – ел игілігіне

Инфрақұрылым дегеніміз – ауқымы өте кең ұғым. Тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, кез келген өңірдің кескін-келбеті мен экономикасының қалыптасуын қамтамасыз ететін сала.

«Әкімдер жыл соңына дейін жер, инфрақұрылым жөніндегі барлық мәселені шешуі қажет. Мұнда еш ақталудың реті жоқ. Сондықтан, аталған жұмыстың орындалуына әкімдерді тікелей жауапты етіп бекіту жөніндегі

Қалғандары жыл соңына дейін шешімін табу керек» – деп Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің кезекті отырысында әкімдерге инфрақұрылым жөніндегі мәселелерді шешу бойынша тапсырма жүктеген болатын.

Аталмыш мәселеге келгенде, біздің ауданда біршама ілкімді істер жүзеге асып жатыр. Оған өңірімізге қарасты ауылдар мен кенттерде жыл сайын тұсауы

кесіліп жатқан түрлі нысандар жанды дәлел. Мәселен, жуырда ғана ауданымыздың оңтүстігін орын тепкен Сарышаған кентінде кәсіпкерлік нысан ашылып, өз жұмысын бастады. Жеке кәсіпкер М.Шоженовтің баста-

масымен қолға алған қоғамдық моншаның құрылысы өз мәресіне жетті. Бұл аудан әкімінің жылдық қорытынды есеп жиналысында үнемі көтеріліп, шешімін таппай келе жатқан түйткілдің

бірі болатын. Күрделі күрмеу ақыры шешімін тапты. «Теміржол» көшесінде бой көтерген аталмыш нысанның ашылу салтанатына кент әкімі А.Тойымбеков пен тұрғындар қатысты.

Заман талабына сай салынған моншаның құны да тұрғындар үшін қолжетімді. Монша сейсенбі-жексенбі күндері аралығында сағат 12.00-ден 22.00-ге дейін жұмыс жасайды. Талапқа сәйкес, дүйсенбі – санитарлық күн. Сонымен қатар, моншаға келушілерге жайлы жағдай жасау үшін түрлі алкогольсіз сусындар мен табиғи шырбындар және өзге де ассортименттерден тұратын кафенің де есігі айқара ашық. Қоғамдық нысанның егесі М.Шоженов келешекте моншаға қажетті керек-жарақтар сату және шашпараз ашу жоспарында бар екенін айтты.

Бұдан тысқары мақалаға мәйек, тілге

тиек ете кететін тағы бір жаңалық – үстіміздегі жылдың 14 қазанында Торанғалық ауылдық округінде «Спорт» көшесінің бойындағы «Кіші футбол және балалар ойын алаңына» көлемі 163

шаршы метрді құрайтын аумаққа тас төсеніш орнату жұмысы басталып кетті. Әзірге брусчатка астына құм төсеу және оны нығытуды, сонымен қатар, брусчатка жиектерін орнататын орынды дайындау жұмыстары жүзеге асып жатыр. Осынау жауапты істі «Проект Строй Сервис 2020» ЖШС жүргізуде. Жоспарға сәйкес, 31-қазанда жұмыс толығымен аяқталып, тұрғындар игілігіне берілуі тиіс.

Е.Темірханұлы.



Үкіметтің ұсынысын қолдаймын. Құрылысы 2023 жылы басталуы тиіс мектептер үшін жер учаскелерін бөлу және инфрақұрылымға қосу жөніндегі барлық мәселе бір ай ішінде шешілуі тиіс.

Халықтың еңбек табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы

Ақтоғайлық өнім – Америкада

төсек-орын жабдықтарын қазақы ою-өрнектер тіпті аша түскен.

2021 жылы Жұмыспен қамту орталығы арқылы 684 мың теңге көлемінде шағын бизнесті қолдайтын грантына қол жеткізген Индира тігіншілікті кәсіп қылады. Сондай-ақ, өткен жылы жас кәсіпкерлерді қолдау, шағын орта бизнесті дамыту мақсатында берілетін облыс әкімінің 1 млн теңге гранты тігін шеберханасының жұмысын өркендетуге көп көмек болған. Қазіргі таңда шеберхананың жұмыс ауқымы кеңейген. Аудан, облыс көлемінде ғана емес, Қазақстан бойынша тапсырыс қабылдайды. Шеберхана заманауи тігін машиналарымен және басқа да құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Тапсырыс беруші мата түрлерін таңдап, өз қалауынша тіктіре алады.

–Биыл біз секілді жас кәсіпкерлерді демеу мақсатында берілетін 1 млн теңге аудан әкімінің грантын иелендім. Біздің шеберханада тігіліп жатқан бұйымдар Қазақстанның әрбір өңірлеріне жеткізілуде. Тіпті, Лос-Анджелесте тұратын қандастарымыз «OIMAQ BRAND» тіккен киімдерді ақтоғайлық өнім ретінде күнделікті өмірде киіп жүргені біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік деп білемін. Шеберхана ұлттық нақышқа аса ерекше мән беріп келеді, алға қойған мақсатымыз да сол. Ұлттық нақыш пен заманауилықты ұштастыра отырып, жастар арасында дәріптеу. Мысал ретінде шапанды алсақ, оны жастар күнделікті өмірде кие алатындай



етіп тігу. Бұл ойымыз да іске асып келеді, – дейді И.Берікқызы.

Әңгіме барысында Индира жаңадан кәсіп бастағысы келетін жастарға мемлекеттен түрлі қолдау көрсетілетіндігін айтып, еш қорықпай нық басып, тек алға ұмтылса, «еңбек еткенге бақыт басын иетіндігін» тілге тиек етті.

Ісмерлік қасиет бойына бала кезінен дарыған кейіпкеріміздің қолынан шыққан қыз жасауы, шапан, желетке сынды ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдары жоғары сұранысқа ие. Жүрек қалауымен осы саланы бойына сіңіріп, кәсіп көзіне айналдырған Индира Берікқызының шеберханасынан тігіншілік өнердің өрісін көрдік. Асыл өнерді, қаннан келген қасиетті дамытып отырған жан ісмерлікке ынталы жастарға да үйретуге қарсы еместігін естідік. Бұл да жастарға деген ізет, кішіге деген кішіпейілдік пен құрмет деп бағалаған абзал.

Думан ҚАБЫЛ



Он саусағынан өнер тамған ақтоғайлық қыз-келіншектер шағын бизнесті дөңгелетіп отыр. Бірі кондитерлік өнімдер пісіріп, отбасылық кірісті арттырса, енді бірі қолөнер бұйымдарын жасаумен айналысады.

Біздің кейіпкер де сүйікті ісінен еселеп табыс тауып отыр. Ақтоғай ауылының жас кәсіпкері Лекер Индира Берікқызы мемлекеттік қолдаудың арқасында өткен жылы «OIMAQ BRAND» шағын тігін цехын ашты. Тігіншінің қолынан шыққан көрпе,



Бағдары айқын Әдеп жөніндегі кеңес

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрыстарының стандарттарын реттеу мақсатында мемлекеттік тәртіпті нығайту бойынша елулі өзгерістер орын алғандығы мәлім. Оның ішінде, Әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс бағыты кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағдар алып, басты міндеті ретінде мемлекеттік қызметшілер арасында орын алатын бұзушылықтарды болдырмау және алдын алу мақсаттары алға қойылды.

Бүгінгі күні Қарағанды облысы бойынша Әдеп жөніндегі кеңестің құрамы жұмыс тәжірибесі мол және аймақта салиқалы мәртебеге ие болған тұлғалардан құралған. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау барысында Агенттіктің алқалы органы сыбайлас жемқорлық төуекелдерін талдауды талқыға салу, мемлекеттік орган басшыларының заңнама бұзушылықтарының алдын алу бойынша жүргізген жұмыс қорытындыларын тыңдау, әдеп жөніндегі уәкілдер қызметі нәтижелерін бағалау және тәртіптік комиссиялар жұмысын реттеу бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар өзінше жұмысын жүргізеді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілерге қойылатын негізгі талап – қызметтік әдепті сақтаумен байланысты екендігін ескеріп, мемлекеттік қызметтің дәрежесін көтеруге үлес қосу үшін қарқынды жұмыс жүргізу. Атап айтқанда, нақты шешімдер қабылданып, мемлекеттік орган басшыларына жүйелі ұсынымдар енгізілу арқылы өзгерістерге және мемлекеттік қызметтің жаңа моделін құруға серпін берілуде. Әдеп кодексімен белгіленген талаптарға қарайтын болсақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді және қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіретіні айқындалған.

Мемлекеттік қызмет атқару – қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік

әдебіне жоғары талаптар қойылады және олардың моральдық-этикалық бейнесіне үлкен көңіл бөлінуде. Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Халыққа жақын болып, кез келген жағдайда «қара қылды қақ жаратын» әділ болулары қажет. Ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметші болу – жауапты міндет. Сол себепті, осы бағытта жұмыс істеу – бүгінгі күннің талабы.

Ал бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыруда Әдеп жөніндегі кеңестің алатын орны ерекше екендігі белгілі. Себебі, отырыстарда қаралған мәселелер тұлғалардың заңмен белгіленген құқықтарын қалпына келтіруге, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптары, әдеп нормаларының сақталуы бойынша бұзушылықтардың алдын алу және болашақта болдырмауға бағытталған сұрақтары қаралып, лауазымды тұлғаларға ұсынымдар енгізіледі.

Болашақ уақыттың көрінісі ретінде кәсіби мемлекеттік аппарат құруда Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің елулі үлесін көреміз. Бүгінгі күні Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің жұмысы жандандырылып, мүшелермен кеңес отырыстарында шешімдер қабылдаудан өзге, мемлекеттік қызметшілер тарапынан бұзушылықтардың алдын алу бойынша дербес шаралар қабылдануда. Бұл Әдеп жөніндегі кеңес институтына және мемлекеттік аппаратқа деген сенімді нығайтудың дербес жолдарының бірі деп бағалаймын. Бүгінде Әдеп жөніндегі кеңес бұзушылықтың алдын алуды жүргізудегі және мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін көтерудегі басты институттың бірі ретінде танылды. Бағдары айқын, міндеті нық, қызметі елулі Әдеп жөніндегі кеңес институты халықтың сенімін ақтауға өз күшін сала бермек.

Е.Жолданғар,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы.

Табиғи өнім, тиімді баға

Дәл қазіргі уақытта құрықсыз кеткен қымбатшылық бір біздің елде ғана емес, әлемнің азуын айға білетен алпауыт елдерінде де етек жайып, тығырыққа тіреп тұр. Сондықтан да, бұл жағдайға пәлен деп баға беру қиын. Оның үстіне кейінгі екі-үш жылда жаңбырдың сирек жаууының салдарынан егінжайдың сұйық шығуы да бағаны үстемелуге үлкен себептердің бірі. Осы секілді жаһандық және табиғи факторлардың ықпалынан жалына

ашып, жеке кәсіпкерлер өз тауарларын тұрғындарға ұсынады.

Қазан айының 20-ыншы жұлдызында аудан орталығындағы «Айтуған» базарында аудандық ауыл шаруашылығы және аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімдерінің мұрындық болуымен жәрмеңке болып өтті. Өңірімізде ауылшаруашылық жәрмеңкесін өткізу игі дәстүрге айналған. Дағдысынан жаңылмай жоғары дәрежеде өтетін



қол тигізбей тұрған бағаны жүгендеу мақсатында ел Үкіметі қолынан келер амалын қылып бағуда. Сатушы мен тұтынушының арасына алтын көпір орнататын сондай бастаманың бірі – жәрмеңкелер ұйымдастыру. Осынау сауда-саттық алаңында сатушы да ат арытып өкелген өнімін көңілдегі бағаға өткізіп, қалғасын қомптитып қайтса, алушы да нарықтағы бағадан әлдеқайда арзан өрі табиғи таза өнімдерді қоржынына сықап қайтады.

Жәрмеңкенің нағыз қызатын шағы – төрт түліктің толысып, жеміс-жидек уылжып пісетін күз мезгілі. Бұл уақытта еліміздің барлық өңірінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі есігін айқара

аталмыш пара барысында базарға қатынаушы халықтың қарасы қалың болды. Аталмыш жәрмеңкеде 1,5 тонна бірінші сұрыпты ұн, 200 кг макарон өнімдері, 3600 дана жұмыртқа, 150 литр сұйық май, 1 тонна картоп, 500 кг қырыққабат, 1 тонна пияз, 600 келі көкөністер мен 150 келі сиыр еті, 200 келі қой еті, 50 келі сүт өнімі саудаланды. Бұл іс-шараның өтуіне ауданымызға қарасты ауылдық округтердегі шаруа қожалығы жетекшілері мен кәсіпкерлер атсалысты. Тұрғындарға тиімді баға ұсынатын мұндай жәрмеңкелер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Е.АЙТЖАН.

Жаңа ветеринариялық пункт ашылды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында елді сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы саласын, оның ішінде, мал шаруашылығын дамыта отырып, өнім көлемін арттыруға баса назар аударып келеді. Ауыл шаруашылығы саласын дамытуда түрлі бағдарламалар қабылданып, бағдарламаларда ветеринарияны дамыту, жоғары сапа стандарттарына қол жеткізу, азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі мәселелері ерекше маңызға ие. Соның жарқын бір көрінісі 25 қазан – Республика күні мерекесі қарсаңында Ақтоғай ауданы орталығында ветеринариялық пункт ашылды.

Тұсаукесер параға аудан әкімі С.Әбеуова, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, «Қарағанды облысының ветеринария басқармасы» басшысының орынбасары Ф.Оспанов, ауыл тұрғындары қатынасты.

Сөз алған аудан басшысы С.Мірәсілқызы жаңа Ақтоғай аудандық вете-



ринариялық станциясының ашылуы мал шаруашылығымен айналысатын аудан үшін өте маңызды екенін атап өтті.

– Себебі, ауданның әлеуметтік-

экономикалық дамуы тікелей төрт түлікке байланысты. Ал, ветеринария саласының рөлі тек қана ауыл шаруашылығында ғана емес, сонымен қоса, экономикалық,

биологиялық, медициналық тұрғыдан да маңыздылығы жоғары. Яғни, малдан алынатын өнімдердің көбеюі және азық-түлік сапасының артуы жергілікті халықтың әл-ауқатына оң әсерін тигізетіні сөзсіз, – деді өңір басшысы.

Келесі кезекте «Қарағанды облысының ветеринария басқармасы» басшысының орынбасары Ф.Оспанов, аталмыш салада ұзақ жыл еңбек еткен ардагер Б.Құрмапиев, «Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясының» ветеринар-дәрігері С.Қалыбеков сөз алып, тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Мұнан соң жаңа ғимараттың лентасы қиылып, ақ жаулықты аналар шапу шашты.

Жалпы, заман талабына сай, жарақталып салынған ғимарат құрылысына бюджеттен 127 миллион теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстарымен «Жібек Жолы» ЖШС айналысқан.

Думан Аманкелдіұлы.

Жемқорлық – жегі құрт

Противодействие коррупции –
обязанность каждого гражданина

Коррупция как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира независимо от политического развития, в том числе и в Казахстане, различается лишь масштабами. Коррупция тормозит процесс социально экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций. Негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, без участия общества нельзя победить коррупцию.

В большинстве случаев в коррупцию в обществе вовлечены два главных действующих лица – правительство и частный сектор. Как правило, граждане

оказываются главной жертвой коррупции. Способность общественности выявлять и пресекать коррупционную деятельность государственных чиновников повышается благодаря изучению местных проблем. Для борьбы с коррупцией необходимы системные усилия всех слоев общества.

Искоренение коррупции – ключевое условие для укрепления фундаментальной ценности нашего народа и государства – независимости. Только в сотрудничестве со всеми секторами гражданского общества, со всеми государственными органами, представителями бизнеса и науки мы сможем решить эту труднейшую задачу и обеспечить создание процветающего Казахстана.

К.КАДИРОВА,
главный специалист-государственный инспектор по карантину растений Ақтоғайской райтеринспекции КТИ в АПК МСХ РК.

Тағзым

Оразқұлұлы Шой батырға
ескерткіш орнатылды

«Бұланты шайқасы» – қазақ халқының өз тәуелсіздігін және елдігін сақтау жолында жүргізілген күрестің бірі. 1727 жылы Әбілқайыр хан бастаған біріккен қазақ қолы Ұлытау өңірінде жоңғарларға тойтарыс беріп, майдан кіндігі болған төбе «Қалмаққырылған» атанды. Бұланты-Білеуі шайқасында үш жүздің басы қосылып, бас қолбасшы Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақпақ Жәнібек, Райымбек батыр бастаған сарбаздар күші жоңғарларды айсырата қуып, жеңіске жетті. Ел мен жердің тағдыры сыңға түскен сәттегі қазақ сарбаздарының ұлы жеңісін паш ету мақсатында 2014 жылы «Бұланты» стелласы ашылған болатын. Қазақ сарбаздарының ұлы жеңісін насихаттаған стелланың салтанат құруы жастардың патриоттық сезімдерін оятып, ел мен жерге деген құрметін бағалай түсетіні анық.

Үш жүздің би-батырларының басын қосқан «Бұланты» аймағында Ақтоғай жерінен шыққан Жидебай, Жалаңтөс, Сеңкібай, Шой батыр сынды баһадүрлердің жау шебінде атой салған ерен ерлігі ел ішінде аңыз болып айтылып жүр. Ал ерлік істері мен есімдері бертіңде анықталып жатқан батыр сарбаздарымыз қаншама?!

Үстіміздегі жылдың маусым айында Оразқұлұлы Шой батыр ұрпақтары аталмыш кешенге батыр бабаларына арнап ескерткіш орнатты.

«Бұланты» стелласын көріп, бабалардың рухына тағзым ету мақсатында таяуда үш жүздің басы қосылып, Алаштың бағы орнаған құтты мекен, киелі Ұлытау жеріне Е.Жұмабаев, Б.Әмірбеков және мақала авторы (Жидебай, Сеңкібай, Шой батыр ұрпақтары) барып қайттық. Аталмыш кешенде үлкен алып тас орнатылып, үш жүздің қолын бастаған сардардың, сондай-ақ, Ақтоғай жерінен шыққан би-батырлардың ескерткіштері қойылған. Барған сапарымызда жергілікті тұрғын, өлкетанушы Серік Абжанов атты азаматтан «Бұланты» шайқасы жөнінде көптеген қызықты тарихи мағлұматтар алдық. Бұланты-Білеуі өзендерінің нағыз жауға соққы беретін табиғатын



ерекше жаратқан, күз-жартасты болып келетін арналарын көріп, ерекше танданыста болдым. Шайқас өткен орың, ханның шайқасты бақылап отыратын төбесі, арнайы таспен өріліп жасалған от қойып белгі беретін орын мен батырлар жерленген қорым кім-кімге болмасын ерекше әсер қалдырады. Жауға бас көтерпейтіндей жойқын соққы берген аталмыш ұлы шайқас даласында орнатылған ескерткіште атақты қолбасшылардың қатарында батыр бабаларымыздың есімдерін көріп, қазақтың қазақ болып қалуына шешуші рөл атқарған соғыста қаһармандықтың ерен үлгісіндей болған бабалардан рух алғандай ерекше сезімде болдық. Жоғарыда аталған Оразқұлұлы Шой батыр жайында алдағы уақытта арнайы кеңінен тарқатылып, мақала жазылатын болады.

Қарашор Шой батырдың 5-інші ұрпағы Қайыржан Шаймурат тегі.

Еске алу



Нүркен ауылының тұрғыны, күйеубаламыз **Рахымберлин Дәурен Атымтайұлының** дүниеден өткеніне 1 жылдың жүзі болды. Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген Дәуренімізден қапыда айырылды. Бір қанатымыз қайырылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын күйеубаламыз жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?!

Асқар таудай өке, аяулы жар бола білген Дәуреннің тылсым дүниенің мәңгілік мекеніне кеткеніне өлі сөз

алмай келеміз. Өткен күннің елесімен бірге оны еске алудан басқа шара жоқ, өткен. Өзі жанымызда болмаса да, оның рухы мәңгі біздің жүрегімізде, көңілімізде. Жаны жәннатта, жатқан жері жарық болсын деп тілейміз.

Жып толды алып жүрек тоқтағалы,
Жып толды ұлымызды жоқтағалы.
Алайда, ұлымыздың нұр бейнесі,
Көңілдерде мәңгілік сақталады.

Нұрлы бейнең есте қалар мәңгілік,
Дауысың да құлақта тұр жаңғырып.
Арамызда жоқтығыңды білсек те,
Келетіндей арман мәңен сан үміт.

Еске алушылар: өнесі – Мәнтай, қайынағасы – Зейнегбады-Айнұр, қайынапалары – Жазира, Нұрлы-Жанерке, балдызы – Мейірман.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тумасы, аяулы ана, ардақты өже **Айткүл Жақышқызының** дүниеден өткеніне 25 қазан күні екі жылдай уақыт болады. Анамыздың нұр тұнған мейірімді жүрегі, қамқорлығы, балажандығы ешуақытта ұмытылар емес. Осы бір аяулы жанның өмірде енді жоғына, арамыздан мәңгіге



кеткеніне көңіл сенбейді. Алланың жазуына амал бар ма? Өмірдің небір асу-белдерімен белдесіп, өмірдің ащы-тұщы дәмін татып, үлкенге үлгі, кішіге қамқоршы бола білген анамызды сағына еске ала отырып, топырағы торқа, қабірі нұрға толсын деп дұға тілейміз.

Ізін жатыр қалдырған өмірінде,
Естеліктей суретің тұр төрімде.
Ойымнан бір кетпейсің ешуақытта,
Асыл бейнең қалды ғой жүректерде.

Еске алушы: балалары – Әсел-Болат, Мейірман, Айман-Құдайберлі, Бүркіт-Сания және жиендері мен немерелері.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты ана, аяулы жар, асыл өже **Ардәгүл Ағдарбекқызының** өмірден өткеніне бір жыл болды. Зымыраған уақыт бір жылды артқа тастап, алға жылжыса да, біз Ардәгүлдей жаны жайсаң жанды жүрегімізден өшпире алған жоқпыз. Ол біз үшін күлімдеп арамызда

жүргендей, өрқайсымызға жымыя қарап келе жатқандай әсердеміз. Өмірде өзіндік орны бөлек, саналы ғұмырын білім беру саласына арнап, ұстаздық қызмет еткен аяулы жанның жарқын бейнесі өрдайым біздің жадьмызда сақталады. Артындағы ұрпақтары мен жолдасына Ардәгүлдің көрмеген қызығын нөсіп етсін дейміз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннаттың төрінде болып, бір Алла иман байлығын берсін деп дұға тілейміз.

Жан едің ғой қара жерге қимайтын,
Ел мен жұртың құрмет етіп сыйлайтын.
Жатқан орның төрі болып жұмақтың,
Алла берсін бар байлығын иманның.

Еске алушылар: көршілері – Рымбек-Роза, Арыстан-Бақыт, Арынғазы-Айнагүл, Нұрлан-Бану, Ерлан-Гүлмира, Сәуле, Әлия, Бақыт, Азамат-Гүлмира.

Еске алу



Сарытерек ауылының тумасы, руы – Қожағұл-Тілеулі **Құлжанбеков Қайдар Сейфоллаұлының** тал бесіктен жер бесікке аттанғанына 40 күннің жүзі болды. Ағайынға бауырмал, үлкенге құрметі ерекше, кішіге мейірімді, ашық жарқын мінезді еді. Амал не, қапыда келген ажалға араша боларлық дәрмен бар ма?! Құдайға да жақсы адам керек деп өзімізді жұбатып, ақкөңіл жүрегі мейірімге толы бауырымыздың бейнесін өркез жүрегімізде сақтаймыз. Төңіріміз мейірім нұрын, иман байлығын төгіп, Пайғамбарымыздың шапағаты жауса екен деп дұға бағыштаймыз.

Қайғымен сұм тағдыр сынаққа алды,
Артында апа-бауыр жылап қалды.
Алладан жас жанына медет тілеп,
Болсыншы деп жұмақтан тұрақ мәңгі.

Сағына еске алушы: бауырлары – Съезд-Жайна, Қайролла-Көмпат, Жора-Гүлшат, Көмпат-Талғат, Есенгүл-Аңсаған.

Бауырымыздың 40 күндік асы 29-қазанда Балқаш қаласының «Қаракөз» мейрамханасында сағат 11.00-ден бастап беріледі. Соған барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастарын шақырамыз.

Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз Болат Келдібекұлын 63 жасқа, немересі Асыланды 5 жасқа толған мерейтойларымен құттықтаймыз! Еңбектің жемісін беретін зейнет жасына басқан қадамыңыз құтты болсын! Немереңіз Асыланның дені сау, жасы ұзақ, еліміздің айтулы азаматы болсын. Қосағыңызбен қоса ағарып, бала-шағамен немере қызығын көріп, жанұя бақытына бөлене беріңіз. Өмірдің барлық жақсылығын, арайлы таңдарын, бақытты күндерін тілейміз.

Қуаныштан лүгілдесін жүрегіңіз, Мықты болсын өмірдегі тірегіңіз. Туған-туыс ортасында аман-есен, Жүз жасаңыз, осы біздің тілегіміз!

Игі тілекпен: көршілері – Қанат, Еркін, Жансерік, Нұрлан, Есенкелді, Қазбек, Ғабит, Жанат, Ғабиттың отбастары.



Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, қарашаңырақтың иесі Таукеев Құрманғазы Төлеуқұлын асқаралы 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Осы айтулы мерекеніз күні сізге қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, шаңырағыңызға таусылмас бақыт, сарқылмас паттық тілейміз. Қосағыңызбен қоса ағарып, бала-шағаңыздың қызық-қуанышына кенеліңіз. Деніңіз сау болып, жасыңызға жас қосылып, әрдайым ортамызда мәртебеніз биіктеп, аман-есен жүре беріңіз.

Сыйластық мекені боп үй-төріңіз, Тек паттықпен өрілсін өміріңіз. Бала-шаға, немеремен бірге жасап, Көктемдей жайнап жүрсін көңіліңіз!

Игі тілекпен: ағасы – Зәрузада, жемесі – Күләң, бауырлары – Еркін-Гүлмира, Серғазы-Гүлден, Төлеген-Әсел, Серғазы-Серікгүл, Азамат-Ақнұр, Бекай-Айқа.



Құттықтаймыз!

Құрметті сыныптасымыз Қарлығаш Ғайнитденқызы!

Сені бір ғасырдың жартысын жасап, міне, 50 жасқа толып отырған туған күніңмен, сонымен қатар, Исламбек екеуіңнің отау құрғандарыңа 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Қадамыңа – гүл, келбетіңе – нұр, қиялыңа қанат бітсін, жасыңа жас қосылсын! Шаңырақтарыңа құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбастарыңа амандық, дендеріңе саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Бақытты өмір сүрулеріңе шын жүректен тілектеспіз. Өмірде сырбаз мінездеріңнен айнымаған, айналасына шапағатын шашып, туған-туыс, дос-жарандарыңа сыйлы болған өздеріңе денсаулықтарың мықты болып, Алла берген жасты жасай беруді тілейміз.

Бақытты тілеп баланың, Саясында Сананың, Елуге келдің бүгінде, Көтердің нардың жүгін де. Мұң шалмасын өмірде, Жарқыраған жанарың, Нық басылып қадамың,



Кіршіксіз болсын қабағың, Елудің алдың қамалың, Орындалып талабың, Жақсылар жүріп жаныңда, Жана берсін бағың да. Елу жас пен отыз жыл, Қатар келіп бүгінде. Өмірің тоймен өрілсін, Әрбір сәтің, күнің де!

Игі тілекпен: сыныптастарың – Ғибрат-Панар, Марлен-Ботағаз, Самат-Саул, Ерболат-Алмагүл, Сембек-Қорлаң, Инабат-Гүлмира.

* Жыр-жауқазын

Ұстазым, ұлы тұлғасың

Қастерлі тұлға – Мұғалім, Білемін, сырын ұғамын. Сусындап оқу-біліммен, Адам боп мен де шығамын!

Ұстазым – ұлы тұлғасың, Ойымда мәңгі тұрасың. Шәкірттерді төрбиелеп, Білім беру мұратың, Ұстаздарға мың алғыс, Жетелеген білімге. Тілейміз сізге мол табыс, Ұстаздық сіздің өмірге.

Жанель Мекен, Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің 6 «а» сынып оқушысы.

Хабарландыру

Ақтоғай ауылының орталығындағы «Парасат» тойханасы сатылады. Тойхананың жалпы көлемі – 800 шаршы метр, жер көлемі – 30 соттық. Бағасы келісім бойынша. Басқа да жағдайлар қарастырылады. Нақты аламын деушілерге жеңілдіктер бар. Байланыс телефоны: **87075814116.**



Хабарландыру

Құрметті тұрғындар!

ҚР Экологиялық заңнамасына сәйкес «АК Алтыналмас» АҚ экологиялық әсер етуге рұқсат алу мақсатында «Қарағанды облысындағы Бақтай кен алқабындағы (алтын) іздеу жұмыстарының жобасына қосымша» (2024 жылға дейін ұзартыла отырып) барлау жоспарына ҚОҚБ, ЖБШН, ҚББ, ӨЭБ және ШДЖ жобалық құжаттамаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы хабарлайды.

Ең жақын елді мекен – Ақжайдақ станциясы.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 02.12.2022 жылы сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақжайдақ ауылы, Бөйтерек көшесі, 37 (вокзал ғимараты, күту залы) мекен-жайы бойынша өтеді. Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс). Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті).

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

<https://zoom.us/j/2356260706?pwd=WjRHQm5jMFdDdFJodVICM1B4OFlJUT09>

Идентификаторы: 235 626 0706. Кіру коды: Au73Qq

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz> сондай-ақ, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан эл пошта арқылы сұрауға болады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: <https://ecportal.kz> және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел: 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі(-лері): «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы – «АК Алтыналмас» АҚ, БСН 950640000810, кәсіпорынның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 15.

Әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс. тел/ факс: 8 (7212) 42-56-17.

Объявление

Уважаемые жители!

Согласно Экологическому законодательству РК АО «АК Алтыналмас» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы проектных документов РООС, НДВ, ПУО, ПЭК и ПМ к Плану разведки (Дополнение к Проекту поисковых работ на Бактайском рудном поле (золото) в Карагандинской области) с продлением до 2024 года) в целях получения экологического разрешения на воздействие.

Ближайший населенный пункт – станция Ақжайдақ.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 02.12.2022 года в 15:00 по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о., с.Аюкайдақ, ул.Бөйтерек, 37 (здания вокзала, зал ожидания). Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 1 час до начала общественных слушаний (иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom:

<https://zoom.us/j/2356260706?pwd=WjRHQm5jMFdDdFJodVICM1B4OFlJUT09>

Идентификатор: 235 626 0706. Код доступа: Au73Qq

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>; также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по эл почте expertiza.upr_krg@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке <https://ecportal.kz> и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел: 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ» - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Инициатор намечаемой деятельности – АО «АК Алтыналмас», БИН 950640000810, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, г.Алматы, площадь Республики, 15.

Разработчик – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек би, улица Лободы, строение 40. тел/факс: 8 (7212) 42-56-17.

АБ

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

